

№ 75 ЖББОМ бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама № 4

Ақтөбе қаласы

08.01.2020 ж

Күн тәртібі:

1. № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, II жарты жылдықта мектептің оқу жүйесін I ауысымға ауыстыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Сапаров сөз алды:

Онда, Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігінің мектеп педагогтарымен бірлесе отырып жұмыс жасауы арқылы, Ақтөбе қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына тасымалдау мәселесі шешіліп, бүгінгі таңда, ТОО « ТРАНС-БУС » мердігер компаниясымен келісім-шартқа отырып, оқушыларды тасымалдау үшін 2 (екі) автобус бөлінгені туралы мәлімдеді. Осы мақсатта мектептің оқыту жүйесін II ауысымнан – I ауысымға ауыстыру туралы мәселе туындап тұр. Бұл ата-аналар мен оқушылар үшін де тиімді. Себебі, оқушылар бос уақыттарында қосымша сабақтар мен үйірмелерге тартылады және қатыса алады. Осы мәселелердің алдын – алу мақсатында, кеңес отырысын жасап, шешім шығару қажет. Мұндағы негізгі сұрақ, мектептің оқу процесін I ауысымда ұйымдастыру. I ауысым сағ: 08:00 де басталады. Кабинет саны толық жеткілікті. Сол себепті, пікірлеріңіз тыңдалады.

Шығып сөйлеушілер:

Тектігұлова Айман – Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Мектеп автобусының сыйымдылығы өте кішкентай, оқушылар сыймай қиындықтар туындаған кезде, оқу жүйесі II ауысымға көшірілген болатын. Алайда, бүгінгі таңда, бұл мәселе шешімін тапқандықтан, бір үйдің балалары үшін сабаққа бірге келіп, бірге қайту – ата-аналарды қуантып отыр. Балалар қосымша ағылшын, спорт үйірмелеріне қатыса алады. Сол себепті, Қамқоршылық кеңеске мектепті I ауысымда оқытуға қарсы еместігімді білдіремін.

Симонов Ақылбек - Қамқоршылық кеңесінің көтеріп отырған мәселесіне келісемін. Қоғамдағы ұрпақ болашағының мәртебесін көтеру – біздің міндетіміз. Ата-аналардың басым көпшілігі мектептің I ауысымды болып қалғанын қолдап отыр. Осы орайда, ата-аналармен осы мәселені толыққанды талдай отырып, Қамқоршылық кеңестен мектептің оқыту процесін I ауысымға ауыстыруға келісемін.

Күн тәртібіндегі мәселені талдай келе, Қамқоршылық кеңес төмендегідей Қаулы етеді:

Қаулы:

1. 2019-2020 оқу жылында № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, 2020 жылдың қаңтар айынан бастап , оқу процесі ІІ ауысымнан - І ауысымға ауыстырылсын.
2. Ата – аналармен мен оқушыларға түсінік жұмыстарын жүргізу – мектептің әкімшілігіне , ата-аналар комитеті мен класс жетекшілерге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:

Сапаров Т

Кулов А

Салихов А

Симонов А

Қадірова Т

Сулеева Б

Елеманова М

Тектіғұлова А

Жаналин Т

Пирзадаева К.И

№ 75 ЖББОМ бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама № 5

Ақтөбе қаласы

15.08.2020 ж

Күн тәртібі:

1. № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Сапаров сөз алды:

Онда, Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігінің мектеп педагогтарымен бірлесе отырып жұмыс жасауы арқылы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 13.08.2020 жылғы № 02-03 2794 қатынас қағазы негізінде, Ақтөбе облысы әкімі орынбасары М.Шермағанбетовтың 11 тамыз 2020 жылғы № 7530 шығыс хаты негізінде, білім беру ұйымдарында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы негізінде, өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасыларға қайырымдылық көрсету мақсатында, акция ұйымдастыру жоспарланғанын мәлімдеді.

Шығып сөйлеушілер:

Тектіғұлова Айман – Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Қазіргі таңда, аз қамтылған отбасылар, көмекке мұқтаж отбасылар саны артып отыр. Сонымен қатар, көп балалы отбасыларды назардан тыс қалдырмауымыз керек. Осы мақсатта ата-аналар мен мектеп ұжымы, демеушілер тарапынан 218,000 тг. қаражат жиналды. Қамқоршылық кеңесі мектеп ұжымымен бірлесе отырып, 17 отбасына көмек көрсету жоспарланып отыр.

Кулов Аманғос - Қамқоршылық кеңесінің көтеріп отырған мәселесіне келісемін. Қоғамдағы ұрпақ болашағының мәртебесін көтеру – біздің міндетіміз. Қамқорлық акциясын жариялаған кезде, ата-аналар тарапынан, қосымша демеушілер тарапынан қолдау тауып, көмек көрсетуге ұсыныс білдірді. Сонымен қатар, қасиетті Құрбан айт мейрамы қарсаңында, осы акция бастамасын қолдаған барлық демеушілерге алғыс айтамын. «Біз біргеміз» деген ұранмен 17 отбасыға азық-түлік, медициналық маскалармен қамтамасыз ету жоспарда тұр.

Кәдірова Тәрбия – «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы барысында, биылғы жылы елімізде орын алған пандемия кезінде көп балалы, аз қамтылған, ерекше санатты қажет ететін отбасы балаларына қашықтықтан оқыту форматында техникалық құралдармен қамтамасыз ету – басты назарда болып отыр. Сол себепті, 32 отбасы оның ішінде 71 оқушы компьютерлермен қамтамасыз етілді. Бұл жөнінде, арнайы жұмысшы тобы құрылып, алым-берім актісі негізінде техникалық құралдар таратылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талдай келе, Қамқоршылық кеңес төмендегідей Қаулы етеді:

Қаулы:

1. № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы туралы ақпараттар ақпарат құралдарында жарияланып, насихатталсын.
2. Ерекше көмекті қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жыл бойы жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:


Мүшелері:



Сапаров Т



Кулов А




Салихов А




Симонов А



Қадірова Т



Сулеева Б




Елеманова М



Тектігұлова А



Жаналин Т



Пирзадаева К.И

Хатшы:

№ 75 ЖББОМ бойынша Қамқоршылық кеңестің отырысы

Хаттама № 6

Ақтөбе қаласы

11.12.2020 ж

Күн тәртібі:

1. № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, ерекше санаттағы оқушылар мен тәрбиеленушілерге Әлеуметтік кепілдендірілген көмек беру туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Т.Сапаров сөз алды:

Онда, Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігінің мектеп педагогтарымен бірлесе отырып жұмыс жасауы арқылы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 13.08.2020 жылғы № 02-03 2794 қатынас қағазы негізінде, Ақтөбе облысы әкімі орынбасары М.Шермағанбетовтың 11 тамыз 2020 жылғы № 7530 шығыс хаты негізінде, білім беру ұйымдарында қайырымдылық акциясы негізінде, өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасыларға қайырымдылық көрсету мақсатында, әлеуметтік кепілдендірілген көмек көрсетілгені туралы мәлімдеді.

Онда, 2020-2021 оқу жылы бойынша, Жалпыға бірдей білім беру қорынан 1,650,000 тг қаражат бөлінді. Соның ішінде 1,473,215 тг. қаражат мектеп оқушыларына жұмсалды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын 16 отбасынан шыққан – 36 балаға мектеп формасы, рюкзак, оқу – құралдарымен, аяқ киім, жалпы сомасы - 25,000 тг құрайтын әлеуметтік кепілдендірілген көмекпен қамтылды. Үнемделген 176,785 тг. мемлекет есебіне қайтарылды.

Бұл Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1032 қаулысымен бекітіліп, осы Қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі. Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберіндегі көрсетілген көмек түрлері сақталып, берілген қаражат игерілді.

Аз қамтылған көп балалы 11 отбасынан шыққан 30 балаға - қыстық куртка мен етікке сұраныс беріліп, конкурстық комиссия негізінде ашық ұтыс ойнатылып, бүгінгі таңда, 30 бала қыстық киіммен толық қамтамасыз етілді. Осындай шараларды алдағы уақытта да ұйымдастыруды ұсынамын.

Қаулы:

1. Қайырымдылық акциясы туралы мәліметтер ақпарат құралдарында жарияланып, насихатталсын.
2. Ерекше көмекті қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жыл бойы жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:

Сапаров Т

Кулов А

Салихов А

Симонов А

Қадірова Т

Сулеева Б

Елеманова М

Тектігұлова А

Жаналин Т

Пирзадаева К.И